Аталған конвенцияда жолаушылар мен жүкті тасымалдау шарты бойынша 2 негізгі талаптың орындалуы маңызды болып табылады: Біріншісі, конвенцияның 3-бабында көрсетілгендей мемлекеттер арасында орындалатын тасымалдау жеке, ұжымдық, мемлекеттік құқықтың субъектілері болып табылады. Екіншісі, тасымалдау көлігінің (автомобиль, автобус) мемлекеттік лицензиясының болуы. Бірақ, аталған мәселе конвенция шеңберінде

орындалатын шарттар бойынша әр мемлекетте әр түрлі болғандықтан, шарт өзгеріп тұрады. Аталған конвенцияға қатысушы мемлекеттерде лицензияның жарамдылығына байланысты көптеген мәселелер туындағандықтан, құзіретті органдар шартқа қатысушы мемлекеттер арасында өзара тану жобасын қолға алып, қазіргі уақытта тиімді жүзеге асырылып келеді. Бұдан бөлек, жолаушылардың қауіпсіздігіне байланысты туындайтын тасымалдау жауапкершілігі де аса маңызды мәселе ретінде қарастырылады. ТМД елдері үшін ортақ болып табылатын конвенцияда, тасымалдау шарты шеңберінде міндетті тармақ болатын жолаушылардың өмірі мен қауіпсіздігіне байланысты жауаптылық: денсаулығына келтірілген зиянды салдар немесе жолаушының қайтыс болуы. Осыдан барып, жолаушыға келтірілген зиян мөлшері анықталып, өтеу сомасы белгіленеді [1, 45-б.]. ТМД елдері үшін өтеу сомасына қатысты нақты шектеулер жоқ.

Ал жолаушы мен багажға келтірілген зиян бойынша жауапкершіліктен босатылудың жағдайлары:

- келтірілген зақымдану тасымалдаушының мүмкіндігі шеңберінен тыс немесе болжанбаған жағдайда орын алса;
- келтірілген залал тасымалдау барысында рұқсат етілмеген заттардың себебінен туындаған жағдайда;
- келтірілген залал жолаушының өз кінәсінен орын алса, тасымалдаушы жауапкершіліктен босатылады. Ал бұл жағдайдан басқа кезеңдерде жолаушы белгілі бір жауапкершіліктің орындалмауына байланысты жазбаша түрде шағым келтіре алады. Аталған мәселе төңірегінде жолаушыға сотқа жүгінуге дейін шаралар қарастырылған.

Халықаралық акт бойынша жолаушылардың өміріне келтірілген зиян мөлшері мен соның негізіндегі жауапкершілік бойынша жолаушы сотқа жүгінуге құқылы. Ол үшін аталған істі қарайтын сот мекемесі сол оқиға болған жерде немесе жолаушы мен тасымалдаушының тұрақты мекен-жайына байланысты орналасқан сот органдары аталған істі қарай алады. Бұл конвенцияның ерекшелігі – мерзімінің үш жылға дейін сақталуында. Демек, жолаушының денсаулығы мен жүкке келтірілген зиян бойынша жолаушының қоятын талабы аталған мерзім шеңберінде заңды болып табылады. Аталған конвенцияларда халықаралық жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын көлік түрлерінің ерекшеліктеріне байланысты тасымалдау құжаттары, шарттық міндеттемелер, жолаушылар мен тасымалдаушылардың міндеттері мен құқықтары регламенттелген. Жолаушылар мен оларды тасымалдаушылар арасында туындауы мүмкін кикілжіңдер немесе даулы мәселелерге байланысты жағдайларды реттеуде тасымалдау шартының орындалатыны белгілі.

Ресейлік ғалымдардың еңбектерінде тасымалдау шартының сипатына байланысты келесідей анықтамалар беріледі. Зерттеуші А.М. Эрделевский жолаушылар тасымалын орындауда жасалатын «тасымалдау шарты» РФ АК-не түсінікте бере келе, «... консенсуальды және келісім екіжақты міндетті» [2]. Бұл пікірді одан әрі дамытушы заңгер-ғалымдар Д.А. Менделеева мен В.Т. Смирнов [3]: «тасымалдау шарты өзара өтелетін, келісімді және жүк тасымалы шартынан өзгеше» деген пікірді ұсынады. Зерттеуші В.В. Витрянскийдің еңбегінде «тасымалдау шартының» жүкті тасымалдау шартынан ерекшелігін ашып көрсетіп, келесі анықтамасын ұсынады: «жолаушыларды тасымалдау шартының жүк тасымалы шартынан ерекшелігі – оның консенсуалды, яғни билетті сатып алған сәттен бастап келісім жасалады және жолаушы мен тасымалдаушының шартта көрсетілген міндеттер мен жауапкершілікті орындауды міндеттейді» [4, 132-б.],-деп көрсетеді. Зерттеушінің ұсынған анықтамасы, жоғарыдағы ғалымдардың сипаттауларынан ерекше. В.А. Беловтың [5] анықтамасында, тасымалдау шарты азаматтың жолаушы мәртебесін алған сәттен бастап жасалған болып есептеледі деген пікірде.

Қазіргі таңда ТМД елдері мен Қазақстан Республикасы арасында халықаралық жолаушыларды тасымалдау саласын дамытып, интеграциялау бойынша көптеген бірлескен жұмыстар атқарылып келеді. Әлемдік көлік жүйесінде ынтымақтастықты кеңейту мен одан әрі тереңдетуде көлік саласы бойынша өкілдері кеңес өткізіп, қабылданған

тұжырымдамаларды талдап, ортақ шешімге келуде жұмыстар атқаруда. Аталған жұмыстарды ұйымдастырудың міндеті ретінде осы ұйымға мүше елдердің жолаушылар мен жүктерді тасымалдауы бойынша нақты стратегиялар қабылдап, тасымалдауды барынша тиімді етудің жолдары нақтыланған болатын.

Ал 2008 жылы 15 қарашада ТМД елдері мемлекет басшыларының көлік саласындағы, оның ішінде халықаралық тасымалдауды орындауға, жолаушылар мен жүктерді тасымалдау саласындағы ынтымақтастықты дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы қабылданып, арнайы кеңес өткізген болатын. Кеңесте осы шараларды нақтылаудың арнайы құжаты қабылданып, онда 2020 жылға дейінгі басым бағыттар анықталған болатын:

- ТМД-ға қатысушы елдердің көлік дәлізін қалыптастыру;
- тарифтік саясат;
- көлік түрлеріне қатысты стратегиялық дамыту тұжырымдасын қабылдау;
- халықаралық тасымалдау барысында орын алатын кедергілерді жою;
- кедендік салық пен шекарадағы тексерулерде орын алатын кедергілерді жою;
- жолаушыларды тасымалдауды және жүктерді көліктің барлық түрлерімен, оның ішінде ТМД-ға қатысушы мемлекеттер арасындағы автомобиль және теміржол-паром қатынастарында және т.б. тасымалдауды жүзеге асыру.

Қазіргі таңда әлем елдерінде экономикалық өсімнің басты шарты – көлік түрлері арқылы тасымалдауды жүзеге асыру және осы қызметтерді көрсету арқылы азаматтардың қажеттіліктерін қамтамасыз ете алуға болады. Осы қызметтерді көрсетуде көлік түрлерінің ішінде әуе қатынасы басты орынды алады. Бұл оның жылдамдығы мен ыңғайлылығының арқасында мүмкін болды [5].

Жыл сайын осы көлік түрі арқылы көптеген жолаушылар мен жүктер тасымалданып, азаматтық қызметті тиімді атқарып келеді. Жолаушылар тасымалының артуына байланысты қызмет түрінің мен оның сапасына үлкен жауапкершілік артылады. Сол себепті де тасымалдау мен жолаушылардың қауіпсіздігіне қатысты нақты іс-шаралар ұйымдастырылуы керек деген ойдамыз. Соның негізінде тасымалдаушылардың жауапкершілігінің артуы заңды құбылыс. Біздер осы олқылықтың алдын алу және еліміздегі мен басқа да елдердегі жолаушылар тасымалы барысында орын алатын жауапкершілік ұғымының әр елдің заңнамасында қалай көрініс тапқанын анықтап білдік.

Көптеген мемлекеттердің заңнамасында тасымалдау процесіне қатысушы жолаушыға, оның денсаулығына келтірілген зардап немесе оның өліміне алып баратын жағдайларда және оның белгіленген жеріне дейін жеткізуде кешіктіру орын алған жағдайда тасымалдаушының жауапкершілігі қарастырылады. Мұндай жағдайлардың орын алуы заңды жауапкершіліктің құқықтық табиғатын анықтайды. Деликт ұғымы осы құқық бұзушылық сипатында қолданылады. Бұл азаматтардың өмірі мен оның мүлкіне тигізген зиянына байланысты орын алады. Мысалы, Украинаның АҚ-де көлік жарғыларында жауапкершілікке байланысты нормалар жолаушыны тасымалдау кезінде тасымалдаушының жауапкершілігінен орын алады. Тасымалдаушының шартта көрсетілген міндеттерді орындамауы барысында жауапкершілікке тартылады. Осыған байланысты тасымалдаушының жауапкершілігін туындататын жағдайларды ұсынамыз.

- А) жолаушыны тасымалдау уақытын кешіктіру;
- Б) тасымалдау уақытын бұзу;
- С) жолаушының өмірі мен денсаулығына зиян тигізу;
- Д) жүгіне зиян келтіру немесе жоғалуы.

Көріп отырғанымыздай, көрсетілген жағдайларда тасымалдаушы тараптардың уағдаластығы бойынша көлік жарғыларымен (кодекстермен, жарғылармен) белгіленетін айыппұл нысанында мүліктік жауаптылықта болады. Жауапкершілік сипаты мен мөлшері келтірілген шығын немесе бұзылған міндеттерге байланысты анықталады.

2017 жылы Ресей Федерациясы «Халықаралық тасымалдау нормаларын біріктіретін Монреаль конвенциясына қосылу туралы» Заңға қол қойды. Аталған конвенцияға қосылу



арқылы жолаушылар тасымалын орындаудағы жауапкершілік пен жолаушылардың қауіпсіздігіне байланысты нақты іс-шаралар орын алған болатын. 1955 жылы Варшава конвенциясына «Гаага хаттамасы» үлкен өзгерістер енгізді. Конвенцияда жолаушылардың билеті, нысаны, тасымалдау шартындағы қажетті деректердің толықтырылуы, жолаушылардың қауіпсіздігіне байланысты жауапкершілік шегі артты. Жауапкершілік шегінің халықаралық сомасы – француз франкімен есептелінді. 1971 жылы жолаушылардың қауіпсіздігі мен жүкке байланысты жауапкершіліктің бекітілуін – Гватемала хаттамасы толықтырды. Хаттамада халықаралық тасымалдаумен тек заңды негіздегі тасымалдаушы ғана айналысуы керек деген нақты шешім қабылданды.

Монреаль конвенциясы – 1999 жылы қабылданып, Варшава Конвенциясының кейбір заңдарына өзгерістер енгізілген болатын. Қазіргі таңда конвенцияны 103 мемлекет ратификациялаған болатын. Монреаль конвенциясына қосылу арқылы қазіргі таңда әуе арқылы тасымалдауда жауапкершіліктің мөлшері артты. Конвенцияда жауаптылықтың шегі 389 600 АҚШ долларды құрайды, ал салмағы кіші әуе кемелері үшін 314 325 АҚШ доллары. Жолаушының өлімі мен дене жарақатына әкелген зияны үшін жауаптылықтың ең жоғарғы шегі – 148 263 АҚШ доллары. Бұл әрбір қаза тапқан және дене жарақатын алған адам үшін төленеді [6, 10-б.]. Аталған халықаралық конвенциялардың барлығы тұрақты және тұрақты емес халықаралық әуе қатынастары шеңберінде жүзеге асырылатын халықаралық тасымалдарға, сондай-ақ егер олар бірыңғай деп қараса, бірнеше жүйелі тасымалдаушылар жүзеге асыратын халықаралық тасымалдарға қатысты қолданылады. Байқағанымыздай, жолаушылардың тасымалдау шартындағы жауапкершілік көлемі ТМД елдері ішінде өзіндік ұқсастығымен ерекшеленеді. Жауапкершілік туындатқан шығын көлемі мен міндеттемелердің орындалуы бірдей деп айта аламыз.

Тасымалдау шарты бойынша тасымалдаушы жөнелту қызметін орындауының нәтижесі – оң нәтижеге бағытталуы керек. Бұдан тасымалдау сапасының, яғни осы қызметті тұтынушының жайлылығы мен тасымалдау шартымен делдал болады. Сапа үш параметр бойынша бағалануы тиіс: қозғалыс қауіпсіздігі, қозғалыс жылдамдығы, сапардың ыңғайлылығы және жайлылығы [7, 21-б.].

Қорыта келе, көптеген халықаралық тасымалдау шарттарында тасымалдаушылардың жауапкершілігі нақты көрсетілген. Сонымен қатар, жауапкершіліктің шегі жолаушының денсаулығына немесе оның өміріне қауіп төнген жағдайда салынатын өтемақының шекті мөлшерімен сипатталады. Сонымен қатар, жолаушылар тасымалын орындауда тасымалдау шартының еліміздегі және ТМД заңнамаларындағы ерекшеліктері мен оның негізінде қалыптасатын жауапкершіліктің орны талданған болатын.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Сарсембаев М.А. *Международное право: учебник* / Сарсембаев М.А. – 3-е изд. – Алматы: Дәнекер, 2002. – 344 с.
2. *Гражданский кодекс Российской Федерации: ч. 1-3: (офиц. текст с изм. и доп. на 1 февр. 2005 г.) / постатейн. коммент. А.М. Эрделевского.* – М.: Библиотечка «Российская газета», 2005. – 703 с.
3. Смирнов В.Т. *Транспортное право: учебник* / В.Т. Смирнов. – М.: НОРМА, 2010. – 320 с.
4. Витрянский В.В. *Договор перевозки: учебное пособие* / В.В. Витрянский. – М.: НОРМА, 2011. – 450 с.
5. Елисеев Б.П. *Воздушные перевозки: законодательство, комментарии, судебная практика, образцы документов [Электронный ресурс]* / Б.П. Елисеев // СПС «Консультант Плюс». Дата обновления 06.04.2021.
6. Егорова М.А. *Особенности изменения и расторжения коммерческих договоров* / М.А. Егорова // Юрид. мир. – 2010. – №5. – С. 10-14
7. Аксаментов О.И. *Некоторые проблемы ответственности перевозчика по договору воздушной перевозки* / О.И. Аксаментов // *Кодекс ИНФО.* – 2000. – №10. – С. 21-24.

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ КРИМИНОЛОГИЯ**  
**УГОЛОВНОЕ ПРАВО КРИМИНОЛОГИЯ**  
**CRIMINAL LAW CRIMINOLOGY**

**МРНТИ:10.77.51**

**УДК:343.3/7**

*К.А. Бабакулов<sup>1</sup>, Ж.Ж. Давлетбаева<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>ҚР Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясы*

**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ**  
**ҚҰБЫЛЫС РЕТІНДЕ**

*Аңдатпа*

Сыбайлас жемқорлық - қазіргі әлемдегі ең қауіпті әлеуметтік пандемиялардың бірі.

Жаһандық экономика жағдайында Қазақстан Республикасын қоса алғанда, көптеген елдер мемлекет қызметінің негізгі бағыттарының бірі ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласына ерекше назар аударады.

Бұл мақала қазіргі заманғы сыбайлас жемқорлықтың ең өзекті және өткір мәселелерінің біріне арналған.

Бұл мақалада сыбайлас жемқорлыққа сипаттама берілген, сыбайлас жемқорлықты әлеуметтік-құқықтық құбылыс ретінде құқықтық түсінудің құқықтық нормалары талданған.

**Түйін сөздер:** сыбайлас жемқорлық, күрес, саясат, мемлекет, қылмыс стратегиясы, пара беру және қауіп.

*K.Babakulov<sup>1</sup>, Zh.Davletbaeva<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan*

**CORRUPTION AS A SOCIAL AND LEGAL PHENOMENON**

*Abstract*

Corruption is one of the most dangerous social pandemics in the modern world.

In the context of the global economy, most countries, including the Republic of Kazakhstan, pay special attention to the sphere of anti-corruption, as one of the key areas of state activity.

This article is devoted to one of the most topical and acute problems of modern corruption.

This article presents the characteristics of corruption, analyzes the legal norms of the legal understanding of corruption as a socio-legal phenomenon.

**Keywords:** corruption, struggle, politics, states, crime strategy, bribery and danger.

К.А. Бабакулов<sup>1</sup>, Ж.Ж. Давлетбаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Академия государственного управления при Президенте РК

## КОРРУПЦИЯ КАК СОЦИАЛЬНО-ПРАВОВОЕ ЯВЛЕНИЕ

### *Аннотация*

Коррупция является одним из наиболее опасных социальных пандемий в современном мире.

В условиях глобальной экономики большинство стран, включая Республику Казахстан, особое внимание уделяют сфере противодействия коррупции, как одному из ключевых направлений деятельности государства.

Данная статья посвящена одной из самых злободневных и острых проблем современности – коррупции.

В данной статье представлена характеристика коррупции, проанализированы правовые нормы правопонимания коррупции как социально-правового явления.

**Ключевые слова:** коррупция, борьба, политика, государство, пресупление стратегия, взятка и опасность.

Коррупция – не просто правонарушение. Она подрывает веру в эффективность государства и является прямой угрозой национальной безопасности. Мы должны резко усилить борьбу с коррупцией, в том числе посредством совершенствования антикоррупционного законодательства, с тем чтобы достичь нашей конечной цели – искоренить коррупцию как явление [1]. Исследование вопросов борьбы с коррупцией является одним из направлений Концепции правовой политики Республики Казахстан [2], как и иных основополагающих программных документах ряда государств мира. Двувекторность правовой политики Республики Казахстан определила гуманизацию мер уголовно-правового воздействия в отношении лиц, совершивших впервые преступления небольшой или средней тяжести, в сочетании с усилением борьбы с тяжкими и особо тяжкими преступлениями, с коррупционными проявлениями. Елбасы Н.А. Назарбаев отметил общественную опасность проникновения коррупции в различные сферы жизни, связь коррупции с искажением экономической политики и стратегии развития страны [3].

Опасность коррупции для общества обуславливается ее непосредственной ролью в детерминированности преступности и прежде всего корыстной направленности. Коррупция посягает на нормальную деятельность государственного аппарата, подрывает законность и справедливость в функционировании государственных органов, вызывает недоверие к государственной политике в целом, что разрушает нравственные ценности общества, способствует выстраиванию латентной системы искаженных ценностных ориентаций в правовой и государственной сферах. Коррупция приводит к конфликтно-опасной дифференциации общества по уровню нелегальных и нелегитимных доходов, восприятию «двойных стандартов» как возможных и предполагаемых условий осуществления законных интересов физических и юридических лиц, и, в то же время, является транснациональной угрозой для современных государств, что обуславливает необходимость формирования сбалансированного механизма противодействия коррупции на международном, национальном и региональных уровнях. Особенно значимой представляется роль судебной системы в механизме предупреждения коррупции и коррупционной преступности. Арбитром при выявлении и противодействии коррупции выступает судебная система, как основной проводник в реализации правовых и специально-криминологических средств борьбы с коррупцией. Однако, применение этих средств никогда не будет эффективным, если коррупционные процессы охватят саму судебную систему.

Коррупция – в высокой степени опасное явление криминализации общества и государства. Повышенная степень общественной опасности коррупции проявляется в подрыве основ государственности и при достижении определенного уровня превращается в угрозу национальной безопасности.

XVII конгресс ООН, состоявшийся в 1990 г., в своей резолюции «Коррупция в сфере государственного управления» определил коррупцию как злоупотребления государственной властью для получения выгоды в личных целях, отметив всеобъемлющий и глобальный характер этого проявления, существенно нарушающей принципы демократии и государственного управления, равенства и социальной справедливости, препятствующей конкуренции, затрудняющей экономическое развитие и угрожающей стабильности демократических институтов и моральным устоям общества; отмечена «повсеместность» коррупции [4]. Такое определение данному социальному явлению особенно точно отражает ее сущность. Коррупция настолько приковывает к себе внимание со стороны государства, что во всех программных документах, так или иначе, определяется необходимость борьбы с ней. Так, в своем Послании народу Казахстана «Стратегия «Казахстан - 2050»: новый политический курс состоявшегося государства», Н.А. Назарбаев акцентировал внимание на необходимости объединения усилий государства и общества против коррупции на основании того, что коррупция «подрывает веру в эффективность государства и является прямой угрозой национальной безопасности» [5], В этом стратегическом документе определен системный характер противодействия коррупции (непосредственно с самой коррупцией, и с причинами их порождающими), обоснована «необходимость создания правового режима, при котором совершение коррупционных правонарушений будет сведено к минимуму конкретных шагов» [6].

Основные потери от коррупции видятся в уменьшении доходов государственного бюджета за счет косвенного уменьшения объема, производимого валового национального продукта, расширения теневой экономики. «Взятка», - по мнению Г.С. Мауленова, «обеспечивает предоставление неконкурентных преимуществ, что подрывает рыночные отношения как таковые, создает новые коррупционные монополии, часто связанные с организованной преступностью, снижает эффективность экономики в целом», при этом автором отмечается невозможность соблюдения «честных правил рыночной игры», когда ... должностные обязанности государственных служащих «превращаются в особый вид товара». И в этом мы солидарны с данной позицией.

Определяя коррупцию как сложное социальное явление, отметим, что нет единого доктринального понятия коррупции. Мы рассматриваем коррупцию не как единичное деяние, конкретный состав уголовного правонарушения, а как совокупность деяний, схожих по основным признакам, совершенных должностными лицами, а также как специфическое социально-правовое явление, выступающее источником опасности криминальной пораженности общества.

Коррупция, если понимать её широко, существовала на протяжении всей истории человечества, с ней велась ожесточенная борьба на самых разных уровнях: в законодательстве ряда государств, программных документах политических партий и движений содержались основные направления борьбы с различными проявлениями коррупции (Страны Ближнего и Среднего Востока, Латинской Америки, Центральной Европы и др.). Для Италии, России, Турции, Японии, коррупция, к большому сожалению, стала явлением обыденным. Коррупция распространена во многих государствах, и основными факторами, провоцирующими ее проявление, являются социальная и экономическая нестабильность, что является справедливым и для казахстанского общества. Не стоит забывать, что сам термин «коррупция» не является элементом понятийно-категориального аппарата, характерного для юриспруденции, поэтому формулирование его правовой дефиниции вызывает некоторые затруднения.

В научных публикациях содержится большое количество определений, которые ставят во главу то один признак, то другой, по-разному соотносят формы и проявления коррупции. В

частности, коррупция ассоциируется с общественно вредным виновным деянием, противоречащим требованиям правовых норм, в отличие, например, от понимания коррупции западными правоведами, расширяющими рамки понимания коррупции до девиантного поведения политической элиты, относя к коррупционным нарушениям моральных и этических норм. Такая позиция авторов сформировалась, скорее всего, из-за законодательного установления признаков коррупции. Приемлемым, на наш взгляд, является позиция А.И. Долговой и Н.Ф. Кузнецовой, которые связывают коррупцию с социальным явлением, подкупом, основанным на использовании служебных полномочий, авторитета и возможностей» [7].

Интересна позиция С.М. Будатарова, который главным отличительным признаком коррупции определяет подмену представителями власти интересов общества интересами частного характера. В этом плане коррупция сводится к следующей схеме: представитель власти, подменяя одни интересы другими интересами, вступает в конфликт с «интересами общества» [9]. Следовательно, под данное понятие можно «подвести» любое получение незаконного вознаграждения или получение блага для себя (обращаем внимание на то, что в УК РК выделяется самостоятельная норма, предусматривающая ответственность за незаконное получение вознаграждения, которая по признакам объективной стороны не совсем четко отделена от состава получения взятки) [10].

Результаты опросов, проведенных казахстанским исследовательским центром «Сандж» по заказу Агентства по делам государственной службы среди населения страны, госслужащих и предпринимателей показывают, что 17,4% респондентов считают Казахстан одним из самых коррумпированных государств, 11% считают, что у нас коррупции больше, чем в других странах, 67% полагают, что коррупции столько, сколько и в большинстве стран и только 2,8% считают, что в нашей стране коррупции меньше, чем в других странах [11]. С тем, чтобы максимально снизить коррупцию как явление и обеспечить безопасность нашего общества, когда народ Казахстана будет убежден в своей защищенности от коррупционных проявлений, нам следует усилить борьбу с коррупцией посредством качественного и комплексного совершенствования антикоррупционного законодательства.

Для достижения целей Стратегии «Казахстан - 2050», Указом Президента Республики Казахстан от 26.12.2014 года была утверждена «Антикоррупционная стратегия Республики Казахстан на 2015 - 2025 годы», в рамках реализации которой распоряжением Председателя Верховного Суда Республики Казахстан от 12.02.2015 года был утвержден Комплексный план по противодействию коррупции в судебной системе Республики Казахстан на 2015 - 2017 годы, предусматривающий мероприятия по противодействию коррупции, направленные на закрепление основ предупреждения коррупции и борьбы с ней, минимизации и ликвидации последствий коррупционных правонарушений.

Отличительной особенностью понимания коррупции в западноевропейских государствах является то, что санкции, предусмотренные в нормах уголовных законов за все виды подкупа, довольно суровы - это, по общему правилу, лишение свободы и денежные штрафы; причем «разрыв» между нижним и верхним пределами относительно-определенных санкций нередко весьма существенный. Например, вымогательство взятки (ст. 317 УК Италии) влечёт наказание в виде лишения свободы на срок от 4 до 12 лет. «Получение взятки» (ст. 432-11) в УК Франции наказывается тюремным заключением на срок до 11 лет и штрафом до I миллиона франков. Лишением свободы на срок от I года до 10 лет наказывается получение взятки судьей или третейским судьей по ч.2 ст.332 УК ФРГ. Особенно строгие меры наказания предусмотрены для должностных лиц, которые за взятку способствовали вынесению неправосудного приговора (ст. 319-3 УК Италии).

Избирательно относится законодатель некоторых государств к случаям совершения преступлений с основными и привилегированными составами. Так, наказание за получение и дачу взятки по УК Франции, ФРГ, Италии одинаковы (ч. I ст. 331 и ч. I ст. 333 УК ФРГ; с i 432-1 I и ст.433-1 соответственно). Однако за «Подстрекательство к подкупу» (ч.I ст. 322 УК

Италии) предусмотрено наказание, не превышающее двух третей той меры, которая может быть назначена в аналогичном случае взятополучателю. Схожим в части правового регулирования моментом уголовного законодательства государств Западной Европы является то, что, по сравнению с правом Казахстана, США, Великобритании, регламентация уголовно-правовых мер предупреждения подкупа в Италии, Франции, ФРГ довольно устойчива. Специфика уголовной ответственности за подкуп в США и Великобритании состоит в следующем: диспозиции норм более казуистичны, предмет взятки трактуется широко; субъектами ответственности за коррупцию признаются не только физические, но и юридические лица; меры наказания менее суровы, чем в странах Западной Европы; при осуществлении уголовного преследования за взяточничество имеют место некоторые процессуальные особенности; источники права, содержащие нормы об ответственности за коррупцию), многочисленны, а законодательство не отличается стабильностью.

Казахстан ратифицировал Конвенцию Организации Объединенных Наций против коррупции Законом от 4 мая 2008 года № 31-IV «О ратификации Конвенции Организации Объединенных Наций против коррупции»[20].

Мониторинг реализации положений Конвенции осуществляется Секцией по вопросам коррупции и экономических преступлений Управления Организации Объединенных Наций по наркотикам и преступности (УНП ООН).

Казахстан активно участвует в работе ОЭСР по борьбе с коррупцией для стран Восточной Европы и Центральной Азии.

Основной целью ОЭСР по борьбе с коррупцией для стран Восточной Европы и Центральной Азии является поддержка стран-членов в их усилиях по предотвращению и борьбе против коррупции, обмен информацией, разработка хороших практик и координация донорской помощи в форме встреч и семинаров, программ взаимного обучения и специализированных тематических проектов.

С 2006 года Казахстан участвует в реализации Стамбульского плана действий по борьбе с коррупцией.

Казахстан прошел уже четыре раунда мониторинга выполнения рекомендаций Стамбульского плана действий по борьбе с коррупцией.

Стамбульский план действий по борьбе с коррупцией поддерживает реформы в области борьбы с коррупцией посредством страновых обзоров и постоянного контроля за выполнением рекомендаций.

13 сентября 2017 года в Париже был утвержден на заседании Сети ОЭСР 4-й раунд мониторинга в рамках Стамбульского плана действий по борьбе с коррупцией». 4-й раунд мониторинга в рамках Стамбульского плана действий по борьбе с коррупцией используется нами в качестве второго исходного документа для анализа прогресса в антикоррупционном законодательстве Республики Казахстан.

Значительное внимание борьбе с коррупцией и ее предупреждению уделяет мировое сообщество. Под эгидой Организации Объединенных Наций (ООН) приняты:

1. Резолюция ЭКОСОС (Экономический и социальный Совет ООН) по борьбе с коррупцией.
2. Международный кодекс поведения государственных должностных лиц.
3. Декларация о борьбе с коррупцией и взяточничеством в международных коммерческих организациях.

Не меньшая работа проводится Советом Европы, Европейским Союзом, Организацией Американских государств (ОАГ), Организацией экономического развития и сотрудничества (ОЭСР) и некоторыми другими. В части принятых документов, наряду с перечислением правонарушений, попадающих под разряд коррупционных, предприняты попытки дать обобщенное определение коррупции.

Справочный документ ООН о международной борьбе с коррупцией определяет коррупцию как злоупотребление государственной властью для получения выгод в личных

целях. Практически идентично с ним определение Всемирного Банка: «коррупция - злоупотребление государственной властью ради личной выгоды». В настоящее время в силу большей изученности феномена коррупции эти определения представляются несколько ограниченными.

В целом международные нормативно-правовые акты по-разному подходят к вопросу об определении коррупции, что зачастую обусловлено особенностями предмета их регулирования.

Закон «О противодействии коррупции» [12] и «О государственной службе Республики Казахстан» [13] являются важнейшими законами в борьбе с коррупцией. Закон «О противодействии коррупции» направлен на борьбу с собственно коррупцией и регулирует общественные отношения в сфере противодействия коррупции, закон «О государственной службе Республики Казахстан» регулирует общественные отношения, связанные с поступлением на государственную службу Республики Казахстан, ее прохождением, прекращением, определяет материальное обеспечение, правовое положение и социальную защиту государственных служащих.

Очередным шагом в понимании коррупции стал принятый в Казахстане 18.11.2015 г. Закон №410-V ЗРК «О противодействии коррупции» (по состоянию на 15.01.2016 г.), в котором коррупция связывается с «незаконным использованием своих должностных (служебных) полномочий и связанных с ними возможностей в целях получения или извлечения благ и преимуществ» и как самостоятельная форма коррупции «подкуп путем предоставления благ и преимуществ».

В Законе Республики Казахстан «О противодействии коррупции», «противодействие коррупции» определено аналогично российскому законодательству в части регулирования деятельности субъектов противодействия коррупции. В этом нам видится определенная закономерность и связь законодательства двух государств».

Итак, в законодательстве различных современных государств предусмотрены нормы, закрепляющие ответственность за совершение коррупционных преступлений. Понятие коррупции неоднозначно и трактуется разными авторами исходя из уровня (состояния) коррупции в стране, правовых традиций и доктринального менталитета.

Представляется, что коррупция выступает как антиобщественное социально-правовое явление, заключающееся в различных служебных злоупотреблениях и в фактическом «превращении» публичных функций должностных лиц и иных специальных субъектов, в объект купли-продажи, в «приватизации» в личных, корыстных, трайболистских интересах данных функций и полномочий. Коррупция причиняет вред правам и свободам граждан, законным интересам организаций, интересам общества и государства в сфере правосудия, общественной и государственной безопасности и иным социальным ценностям, выражая совокупность всех уголовных правонарушений коррупционной направленности.

Коррупция как социальное явление присуще всем государствам мира, она является неотъемлемым атрибутом публичной власти. Ее социальную сущность характеризуют экономический, политический, правовой, морально-психологический и другие аспекты.

#### *Список использованной литературы:*

- 1. Стратегия "Казахстан-2050": новый политический курс состоявшегося государства. Послание Первого Президента Республики Казахстан - Лидера Нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана, 14 декабря 2012 года. // <https://www.akorda.kz/ru/events> (дата обращения: 17.03.2021 г.)*
- 2. Концепция правовой политики РК на период 2010-2020: Указ Президента РК от 2009 года [Электронный ресурс] // Режим доступа: <http://online.zakon.kz/> (дата обращения: 15.03.2021 г.)*
- 3. Послание Президента Республики Казахстан - Лидера Нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана, г. Астана, 14 декабря 2012 года Стратегия "Казахстан-2050": новый*

политический курс состоявшегося государства// <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1200002050> (дата обращения: 15.03.2021 г.)

4. Коррупция в сфере государственного управления //Резолюция Восьмого Конгресса ООН по предупреждению преступности и обращению с правонарушителями. - Нью-Йорк, 1990. – С. 150-153.

5. Послание Президента Республики Казахстан - Лидера Нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана, г. Астана, 14 декабря 2012 года Стратегия "Казахстан-2050": новый политический курс состоявшегося государства// <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1200002050> (дата обращения: 20.03.2021 г.)

6. Статья Президента Н.А. Назарбаева «План нации - путь к казахстанской мечте» 6 января 2016 года. [Электронный ресурс] // Режим доступа: [http://www.akorda.kz/ru/events/akorda\\_news/press\\_conferences/statya-glavy-gosudarstva-plan-nacii-put-k-kazahstanskoi-mechte](http://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-plan-nacii-put-k-kazahstanskoi-mechte)[http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31297479](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31297479) (дата обращения: 20.03.2021 г.)

7. Ибрагимов Е.М., Хамдеев А.Р. Сущность понятия антикоррупционная культура и ее функции // Современные проблемы науки и образования. – 2013. – № 3. - //Режим доступа: <http://www.science-education.ru/ru/article/view?id=9329> (дата обращения: 10.03.2021 г.)

8. Будатаров С.М. Понятие коррупции в российском законодательстве и юридической литературе. // [Электронный ресурс] - Режим доступа: <http://journals.tsu.ru/uploads/import/872/files/359-106.pdf>. (дата обращения: 09.03.2021 г.)

9. Уголовный кодекс Республики Казахстан от 3 июля 2014 года № 226-V ЗРК, ст. 247 УК РК// <http://adilet.zan.kz/> (дата обращения: 15.03.2021г)

10. Закон Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года № 416-V «О государственной службе Республики Казахстан»// <http://adilet.zan.kz/> (дата обращения: 20.03.2021г)

11. Закон Республики Казахстан «О противодействии коррупции» от 18 ноября 2015 года № 410-V ЗРК// <http://adilet.zan.kz/> (дата обращения: 20.03.2021г)

МРНТИ: 10.77.31

УДК:343.24.01

Ж.Ж. Мамбеков<sup>1</sup>

Ғылыми жетекшісі: Э.П. Кенжибекова

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

## ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДА ӨЛІМ ЖАЗАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

### Аңдатпа

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексімен қабылданған өлім жазасы және оған жарияланған мораторий жайлы айтылған. Мақала өлім жазасының элеуметтік-психологиялық элементтерін жүзеге асыру кезінде мінез-құлық актілеріндегі басқа да ерекшеліктерді анықтауға арналған. Өлім жазасын жалпылама сипаттамасына талдау және практикада маңыздылығын қарастыру.

**Түйін сөздер:** қылмыс, мораторий, үкім, терроризм, экстремизм, санкция, геноцид, диверсия, рецидивист.



*Zh.Mambekov<sup>1</sup>*

*Scientific adviser: E.P. Kenjibekova*

*<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University*

## LEGAL ASPECTS OF THE DEATH PENALTY IN MODERN SOCIETY

### *Abstract*

This article refers to the death penalty adopted by the Criminal code of the Republic of Kazakhstan and the declared moratorium on it. The article is devoted to identifying other features in acts of behavior in the implementation of socio-psychological elements of the death penalty. Analysis of the General characteristics of the death penalty and consideration of its significance in practice.

**Key words:** crime, moratorium, sentence, terrorism, extremism, sanction, genocide, sabotage, recidivist.

*Ж.Ж.Мамбеков<sup>1</sup>*

*Научный руководитель: Э.П. Кенжибекова*

*<sup>1</sup> Казахский национальный педагогический университет им. Абая*

## ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ СМЕРТНОЙ КАЗНИ В СОВРЕМЕННОМ ОБЩЕСТВЕ

### *Аннотация*

В данной статье речь идет о смертной казни, принятой Уголовным кодексом Республики Казахстан, и объявленном моратории на нее. Статья посвящена выявлению других особенностей в актах поведения при реализации социально-психологических элементов смертной казни. Анализ обобщающей характеристики смертной казни и рассмотрение ее значимости на практике.

**Ключевые слова:** Преступление, мораторий, приговор, терроризм, экстремизм, санкция, геноцид, диверсия, рецидивист.

**Кіріспе.** Өлім жазасы тақырыбы жүздеген жылдар бойы бүкіл әлем халқын толғандырып келуде. Бұл адамзат баласын бітіспес екі лагерге: өлім жазасының жақтастары мен қарсыластарына бөліп тастаған, ғасырлар бойы оның ой-санасын сергелдеңге салып келе жатқан мәселе. Олардың алғашқылары елде өлім жазасының жоқтығы – оның өркениеттілігінің көрсеткіші деп бізді сендіріп бағады. Ал екіншілері болса, қоғам өркениеттілігін онда өлім жазасының мүлде болмауы емес, қайта керісінше өлім жазасы тағайындалатын рақымсыз да қатыгез қылмыстардың болмауы ғана айқындайды деп есептейді [1,78-79 бб.].

Қанға-қан, жанға-жан деген қанды кек қағидасы бойынша жазалау, қорқыту – бүгінгі таңда өлім жазасына кесу туралы үкімдердің пайдасына айтылып келе жатқан дәлел болып тұр. Бәрінен бұрын, кінәсіз адамды өлім жазасына кесу қаупі әр кезде де болғанын есте сақтаған жөн.

Әлемде қылмыстық сот ісін жүргізудің әбден жетілдірілген жүйесі жоқ және олардың ешбірі де, заңдарда қарастырылған процедуралық кепілдіктердің санына қарамастан, білместікпен немесе әдейі жасалған қателерден сақтандырылмаған. Қателік жасау, соның ішінде орны толмас қателік жасап, кінәсіз адамды өлім жазасына кесу – бүгінгі күннің ащы шындығына айналып отыр.

Адам құқы жөніндегі халықаралық Хельсинк федерациясы 2005 жылы желтоқсаннан бастап Орта Азия елдерінде өлім жазасын алып тастау жөніндегі екі жылдық жобаны орындауға кірісті. Оның негізгі мақсаты – халықты ақпараттандыру және өлім жазасын

қолдану мәселесін талқылауды құқық қорғау проблемасы ретінде қарастыру. Жобаны орталық-азиялық аймақтың төрт мемлекетінде – Қазақстанда, Қырғызстанда, Тәжікстанда және Өзбекстанда жүзеге асыру көзделген болады [2, 15-18 б.б].

Қазіргі уақытта Қазақстанда, Қырғызстанда, Тәжікстанда өлім жазасын қолдануға мораторий жарияланған. Ал Өзбекстанда президент жарлығына сәйкес, өлім жазасы 2008 жылдың 1 қаңтарынан кейін ғана алынып тасталмақ, қазіргі кезеңде елде өлім жазасы қолданылып отыр. Ал Түркіменстанда өлім жазасы 1999 жылы алынып тасталған. Қазақстанда мемлекет басшысының жарлығына сәйкес, 2003 жылдың желтоқсан айынан бастап өлім жазасының орындалуына мораторий жарияланғаны белгілі.

Ал 2004 жылдың 1 қаңтарынан бастап республикада жазалаудың ең жоғары шарасы ретінде өмір бойына бас бостандығынан айыру көзделген. 2007 жылғы 2 қаңтарда Италия Республикасы БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесінің қарауына өлім жазасына жалпыға бірдей мораторий енгізу туралы ұсыныс жасады [3,38-39бб]. Қазіргі уақытта Италия Республикасының Сыртқы істер министрлігі мораторийді бекіту туралы қарар жобасын БҰҰ Бас Ассамблеясының күн тәртібіне енгізу үшін халықаралық консультациялар жүргізуде. Осы бастамашылықты 85 мемлекет қолдады [4,56б].

Бүгінде әлемдегі 120 мемлекет заңнамалық тәртіппен өлім жазасының күшін жойды немесе оны іс жүзінде қолданбайды. Бұл мәселе бойынша әдеттегідей еуропалық өңірдің ұстанымы мейілінше жоғары: Еуропа Кеңесіне мүше елдерде соңғы 10 жыл ішінде бірде-бір өлім жазасы орындалмаған. Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабына сәйкес, адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің ең қымбат қазынасы болып табылады [5]. Өмір сүруге құқық адам құқықтарының бірінші және олардың ішіндегі ең маңыздысы ретінде қарастырылады. Осы құқықты қамтамасыз етуді Ата Заңымыз мемлекеттік саясаттың басты қағидаты ретінде белгілейді. Жазалауды қолдануды ізгілендіру саласындағы әлеуметтік-экономикалық реформалар мен өзгерістер осы қағидаттың мемлекет қызметіндегі маңыздылығының және адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттарды ұстанатынымыздың дәлелі [6]. Сондықтан жүргізілген либералды реформалардың қорытындыларына негізделі отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі Италия Республикасының ұсынысын қолдауға және одан басқа Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің екінші Факультативтік хаттамасына қосылу арқылы өлім жазасының күшін жою жөніндегі әрекеттерін жалғастыруға дайындығын білдіруге тиіс деп ойлаймын.

**Негізгі бөлім.** Тәуелсіздік алған алғашқы жылдардың өзінде-ақ, елде құқықтық реформа басталуымен бір мезгілде өлім жазасын кезең-кезеңмен жоюға бағыт алынды, Қазақстан оны қатаң ұстанып келеді. Әуелі ұрлық, жалған ақша жасағаны, валюталық операциялар туралы ережені бұзғаны үшін тағайындалатын өлім жазасы заңнама арқылы жойылды [6].

Кейінірек қарақшылық жасағандарға, түзеу мекемелерінде жаппай тәртіпсіздік ұйымдастырғандарға, кісі зорлағандарға және пара алғандарға қолданылатын өлім жазасынан бас тартылды. Өлім жазасын қолданудың аясын шектеу үрдісі 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілген жаңа Қылмыстық кодексте де жалғасын тауып, ол осы жаза тағайындалуы мүмкін әрекеттердің санын екі есеге қысқартты. Нәтижесінде өлім жазасын соттар ауырлататын мән-жайларда қасақана кісі өлтіргені үшін ғана тағайындайтын болды. Кодекс өмір бойы бас бостандығынан айыруды өлім жазасының баламасы ретінде белгілеп, сондай-ақ өлім жазасын қолданудағы жаңа шектеулерді және осы жазаға кесілген тұлғалар құқықтарының қосымша кепілдіктерін бекітті. Өлім жазасын әйелдерге, сондай-ақ 18 жасқа толғанға дейін қылмыс жасаған тұлғаларға, және үкім шығарылатын кезде 65 жасқа толған ер кісілерге тағайындауға тыйым салынды [7,65-72б]. Кінәліге өлім жазасы барлық судьялардың бірауыздан қабылданған шешімі бойынша тағайындалатыны, ал үкім оның қолданысқа енгізілгенінен кейін кемінде бір жыл өткен соң орындалатыны туралы ереже заңнама арқылы бекітілді. Адам құқықтары мен демократияны алға бастыру дүниежүзілік таңғажайып құбылысы болып табылады. Сонымен бірге, бүкіл дүние жүзінде демократия мен

демократиялық билікпен қорғалатын жалпыға бірдей құндылықтар жайлы пікірталас қызуда. Демократиялық билікке сұраныстың өсуі адам құқықтарының ең сенімді кепілі болып табылатын өкілеттілік, үкіметтің жауапты институттары, заң алдында бәрінің теңдігі, мықты азаматтық қоғам, саяси плюрализм мен тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдары демократияның ырғақты дамуын мойындаудың белгісі.

Өлім жазасын жақтаушылардың басты уәжі – ол қылмыс жасаудан қорқытудың, соны тежеудің факторы болып табылады. Алайда көптеген зерттеулер өлім жазасы қылмыс деңгейіне қалай әсер ететінін, ол жойылған жағдайда салдары қандай болатынын әлі күнге дейін ғылыми түрде дәлелдеп бере алмады. Қылмыс жасауды ойластыра отырып, қылмыскер әдетте тағайындалатын жазаның қатандығын емес, жауаптылықтан құтылу жолдарын ғана іздестіреді. Егер ол қылмысы ашылмауына сенімді болса, онда оны ең қатаң жаза да тоқтата алмайды.

Әр елде жүргізілген әлеуметтанушылық сұраулар көрсеткеніндей, халықтың көпшілігі бұл жаза түрін қолдайды. Өлім жазасын жақтайтындар сондықтан оны өздерінің басты уәжі ретінде кеңінен қолданады. Бұл тұрғыда Қазақстан да шетте қалған жоқ, бізде сұралғандардың 70 пайызға жуығы өлім жазасын қалдыруды жақтап отыр [7,516б]. Сұрау салу қорытындылары біршама қызық жәйттердің бетін ашты. Өлім жазасына қарсы шығушылардың көпшілігі жазаның осы түрінен бас тарту қажеттілігін дәлелдей алатын сауатты адамдар екен. Соның негізінде, халықтың пікірін тындап қана қоймай, өлім жазасынан бас тарту тиімділігінің аргументтері, адамның түбегейлі құқықтары және аболиционисттік қозғалыстың мақсаты туралы толық ақпарат беру қажет деген ұйғарым жасалды [7,84б]. Тағы бір айта кететін ерекшелігі, өлім жазасынан бас тарту мүмкіншілігі туралы мәселені қарастыруды парламентшілер емес, Республика Президенті ұсынды. Бұл ретте өлім жазасын қолдануды шектеу алда тұрған мақсат емес, қылмыстық құқық саласын ізгілендіруге бағытталған ауқымды бағдарлама элементтерінің бірі ғана еді, оны жүзеге асыру мемлекетке жазалау құралдарын үнемдеп, қылмыскерді жазалаудың басқа тәсілдерін кеңінен қолдануға мүмкіншілік беретін, қылмыстық санкциялардың саралаулы және икемді жүйесін құруға әкеп соқтырды. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдардың өзінде-ақ, елде құқықтық реформа басталуымен бір мезгілде өлім жазасын кезең-кезеңмен жоюға бағыт алынды, Қазақстан оны қатаң ұстанып келеді. Бұл еліміздің халықаралық ұйымдарға кіруі үшін өлім жазасынан бас тартуы міндетті шарт ретінде қарастырылатын халықаралық-құқықтық міндеттемелеріне немесе оларға мүшелігіне байланысты емес еді.

Осыдан келіп, өмір бойы қамауда ұстау институтының пайда болуы өкім жазасына кескен үкімдер шығарылатын жағдайларды мейлінше азайтады, ал бұл болса өлім жазасынан толықтай бас тартудың алғышартын жасайды деп пайымдауға мүмкіндік береді. Өлім жазасының баламасы ретінде өмір бойы қамауда ұстауды енгізу туралы мәселені талқылай отырып, сотталғандар үшін, жағдайы нашар түрмеде ұзақ уақыт қамауда атқаннан гөрі, өлім жазасы артығырақ деген екіұдай пікірлерді де еңсеруге тура келді. Мұндай пікірлер өлім жазасы секілді өмір бойы тұтқындау да мейлінше үрейлендіретінін дәлелдейді. Егер тұтқындалғандар өздері ұсталатын жағдайдан гөрі өлім жазасын артығырақ деп тапса, онда бұл ешкімді қинауға немесе адамгершілікке жатпайтын және абыройын түсіретін қарым-қатынас жасауға немесе жазалауға болмайды делінетін халықаралық міндеттемелер мен ұлттық заңнаға нормалары сақталмауынан айғақ береді. Өлім жазасын жақтайтындардың көп тараған тағы бір уәжі – экономикалық уәж. Олардың пікірінше, өлім жазасын өмір бойы бас бостандығынан айырумен алмастыру мемлекет бюджетіне қымбатқа соғады. Шынында да, Халықаралық түрме реформасының (PRI) есебі бойынша түзету мекемесінде тұтқындалғанның халықаралық стандарттарға толық жауап беретін бір орнының құны жылына 20 мың АҚШ долларын құрайды [7,132б] Сонда, адамды қамауда ұстағаннан гөрі өлім жазасына тарту арзанырақ болғаны ма? Бірақ бұлай деп ойлау, сыпайы айтқанда, имандылыққа жатпас еді, ал екінші жағынан алғанда, бұл проблеманы толығымен ысырып тастай салу да қателік болар еді, бірақ бұдан шығар жол бар.

Ол – жеңіл және орташа қылмыстар жасайтын тұлғаларға қатысты қылмыстық-құқықтық саясатты өзгерту. Жазалау мерзімін азайту есебінен тұтқындалғандардың жалпы санын қысқарту, шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтын тиімді қолдану, бас бостандығынан айыруға байланысы жоқ жазаларды кең көлемде пайдалану, қамауға алуға балама болатын бұлтартпау шараларын енгізу – міне бюджет қаржысын үнемдеудің нақты көзі осылар. Баста айтып кеткенімдей, Қазақстанда қылмыстық саясатты ізгілендіру бағдарламасын іске асыру барысында бұл мақсатқа қол жеткізілді. Нәтижесінде елімізде тұтқындалғандардың саны екі есе азайып, Халықаралық түрме зерттеулері орталығының мәліметі бойынша, Қазақстан 100 мың тұрғынға шаққанда тұтқындалғандардың саны бойынша әлемдегі 3-ші орыннан 24-орынға жылжыды [8].

**Қорытынды.** Ел Президентінің өлім жазасын қолдануға мерзімсіз мораторий жариялау туралы 2003 жылғы 17 желтоқсанда Жарлық қабылдауы жүргізілген реформаның шарықтау шегі және заңды түрдегі нәтижесі болды, сол арқылы жазаның бұл түрінің іс жүзінде күші жойылды [8]. Жарлықта соттардың өлім жазасына кесу туралы шығарған үкімдерінің орындалуын тоқтату, сондай-ақ Жарлықты жүзеге асыруға және өлім жазасының баламасы болып табылатын жазаның жаңа түрін – өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасын енгізуге бағытталған заң жобасын Парламентке енгізу туралы Үкіметке жүктелген тапсырмалар көзделген болатын. Бұл заң қабылданды. Заңнамалық актілерге осы заң енгізетін түзетулер мораторийдің күші қолданылатын сотталғандардың құқықтық мәртебесін және құқықтарына, соның ішінде, сотталғанның бұдан бұрын өтініш бергеніне қарамастан, өлім жазасына кесу туралы үкімді қайта қарау және рақымшылық жасау туралы өтініш беру құқығына берілетін кепілдіктерді бекітті. Сонымен қатар Үкіметке және басқа да мемлекеттік органдарға еліміздің криминогендік жағдайына үнемі мониторинг жүргізу және қоғам пікірін зерделеп отыру тапсырылды.

Мақаламды аяқтай отырып, Қазақстанның және өлім жазасынан бас тартқан өзге де елдердің тәжірибесі көрсеткеніндей, мұндай қадам жасау үшін алдын-ала үлкен дайындық жұмыстарын жүргізу қажет екенін атап өткім келеді. Ол нормативтік құқықтық база құрумен және тиісті ұйымдастырушылық-техникалық тұрғыдан жағдай жасаумен ғана шектелмей, кем көлемді ағартушылық және түсіндіру жұмыстарын қажет етеді. Әрине, өлім жазасынан бас тарту туралы мәселені арифметикалық тұрғыдан, халықтың көпшілік дауысымен шешуге болмайды, дегенімен қоғам пікірін осындай қадамның қажет екеніне дайындай беру керек.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Ищенко Е.П. *Смертная казнь как фактор обуздания преступности и очищения общества* — М., 2009. — №1. — С.151-161
2. Карагодин А.В., Дорофеева Ж.П. *Смертная казнь: гуманность или справедливость?* — Томбов., 2018. — №5 — С.323—325
3. Агаев Давлет Олегович. *Современные тенденции развития института смертной казни* — К., — 2013. — №2 — С.277-280
4. Б.К.Абдиков. *Проблемы смертной казни в современном мире*—2006. — №1—С.2
5. *Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2003 жылғы 16 сәуір*
6. *Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» ШЖҚ РМК 2012 ж*
7. Юрченко И.А. *Уголовно-исполнительное право.* — М., 2015. — №4. — С.118-122
8. Квашиш В.Е. *Отмена моратория не защитит общество // Юридический мир.-2002. -№7. - С. 4-11.*

МРНТИ:10.77.21  
УДК:343.23.01

*А.А. Сакен<sup>1</sup>*

*Ғылыми жетекшісі: Калкаева Н.Б.*

*<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті*

## **ҚЫЛМЫСТЫҚ ӘРЕКЕТТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫН АЛДЫН АЛУ**

*Аңдатпа*

Қылмыстық әрекеттің әлеуметтік- психологиялық проблемаларын алдын алу, реттеу. Қылмыстық әрекеттең алдын алудағы қоғамның құқықтық санасының жетілдіру маңыздылығы. Теледидар мен әлеуметтік желідегі золық-зомбылық пропагандасымен күресу. Білім саласындағы реформалар. Кәмелетке толмағандар мен жастарға тұрғылықты жері бойынша және білім беру ұйымдарында әлеуметтік көмек қызметін құру қажеттілігі.

**Түйін сөздер:** Құқықтық сана, теріс пиғылды пропаганда, қоғам, білім реформасы.

*A.A. Saken<sup>1</sup>*

*Scientific adviser: Kalkayeva N. B.*

*<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University*

## **REGULATION AND PREVENTION OF SOCIO-PSYCHOLOGICAL PROBLEMS OF CRIMINAL ACTIVITY**

*Abstract*

Prevention, regulation of socio-psychological problems of criminal activity. The importance of improving the legal awareness of society in the prevention of criminal activity. Combating the propaganda of violence on television and on social networks. Educational reforms. The need to create a social assistance service for minors and young people at the place of residence and in educational organizations.

**Keywords:** legal awareness, unfair propaganda, society, education reform.

*A.A. Saken<sup>1</sup>*

*Научный руководитель: Калкаева Н.Б.*

*<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет им. Абая*

## **ПРОФИЛАКТИКА СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКИХ ПРОБЛЕМ ПРЕСТУПНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ**

*Аннотация*

Профилактика, регулирование социально-психологических проблем преступной деятельности. Значение совершенствования правосознания общества в предупреждении преступной деятельности. Борьба с пропагандой насилия на телевидении и в социальных сетях. Реформы в сфере образования. Необходимость создания службы социальной помощи несовершеннолетним и молодежи по месту жительства и в организациях образования.

**Ключевые слова:** правосознание, недобросовестная пропаганда, общество, реформа образования.

**Кіріспе** Бүгінгі таңда көптеген өткір экономикалық және әлеуметтік мәселелердің кесірінен қылмыс қылмытық әрекеттер орын алып жатыр. Алайда, егер оны тудыратын себептер мен жағдайлар белгілі болып, онымен күресудің формалары мен әдістері анықталса, кез-келген қауіп азаяды. Қылмыстың себептері деп қылмыстар мен қылмыстарды өз әрекеттері нәтижесінде туындайтын және үнемі көбейтетін әлеуметтік, экономикалық, психологиялық және басқа объективті бар факторлар түсініледі. Бұл қылмыстың болуы проблемасының негізгі элементі. Ал қылмыстық әрекеттің алдын алу өте күрделі әрі маңызды мәселе болып табылады. Себебі қылмыстық әрекеттің себептері өте көп, сол үшін мемлекетпен қоғамға жүйелік өзгерістер қажет.

**Негізгі бөлім** Қылмыстық әрекеттің алдын алудың қажетті құрамдас бөлігі азаматтардың құқықтық санасын қалыптастыру болып табылады. Жеке құқықтық сана әлеуметтік құқықтық сананың әсерінен қалыптасады [1, 27 б]. Құқықтық сананың маңызды шарты - адамның негізгі қажеттіліктері мен мүдделерін заңды түрде жүзеге асырудың нақты мүмкіндігі.

Мұндай қажеттіліктердің қатарына материалдық сипаттағы қажеттіліктер (еңбекпен қамту және еңбекақы төлеу, тұрғын үй, тамақтану, балаларды күтіп-бағу, мүлік және т. б.), өзін-өзі сақтау және өзін-өзі дамыту қажеттіліктері (денсаулықты, демалыс пен ойын-сауықты сақтау, зиянды қол сұғушылықтан қорғау, білім беру, мәдени құндылықтарды пайдалану және т. б.); моральдық сипаттағы қажеттіліктер (әлеуметтік әділеттілікте, басқа адамдар мен мемлекеттің жеке қадір-қасиеті мен жеке мүдделерін құрметтеуде) және т. б. жатады. Оларды жүзеге асыру мүмкіндігі мемлекеттің құқық жүйесімен қамтамасыз етіледі, ол оларды жүзеге асыруға құқықтарға кепілдік береді және оларды жүзеге асырудың құқықтық тәртібін анықтайды, сонымен қатар іске асыруда әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етеді. Заңды құқықтар мен мүдделерді іске асыру мүмкіндігін құқықтық реттеумен қатар, олардың нақты іске асырылуы мемлекеттік органдардың қызметімен, экономикалық мүмкіндіктермен және жүргізіліп жатқан әлеуметтік саясатпен қамтамасыз етіледі. Қоғам мүшелерінің қажеттіліктері мен мүдделерін іске асыру мүмкіндіктері құқықтық санаға оларды тікелей қабылдау нәтижесінде және ақпарат ағынының әсерінен әсер етеді. Қолданылып жатқан іс-әрекетті көрсететін және жақсартуға үміт бар дұрыс түсініктеме берілсе, көптеген экономикалық және әлеуметтік қиындықтарға төзуге және дайындықпен шыдауға болады. Әлеуметтік жағдайларды халық объективті көрсеткіштер бойынша емес, бұрынғы уақыт кезеңімен салыстыру негізінде бағалайды.

А.П. Назаретян тарихи фактілерді талдау негізінде әлеуметтік шиеленістің күшеюі және онымен байланысты құқықтық тәртіптің нашарлауы халықтың өсіп келе жатқан үміттері ақталмаған жағдайларда болады деген қорытындыға келеді. Бұл жағдайда олардың қанағаттанбауы күшейе түседі, бұл қылмыстық көңіл-күйді тудырады [2, 21 б].

Әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету қажеттіліктері мен заңды мүдделерді заңды қанағаттандыру мүмкіндіктеріне деген көзқарасқа ерекше әсер етеді. Әділеттілік - бұл адамдар арасындағы қатынастардың жетекші құндылығы. Ол еңбекақы, білім беру, медициналық көмек, әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы тең мүмкіндіктердің нақты болуымен, сондай-ақ адам еңбегінің саны мен сапасына байланысты материалдық сыйақы қағидасының сақталуына қарай бағаланады. Адамдар материалдық сипаттағы көптеген проблемалар мен қиындықтарды, егер олар бұл қиындықтардың бәріне бірдей әсер ететінін көрсе, өте толерантты түрде қабылдай алады. Алайда, қоғамның материалдық байлық деңгейі мен басқа да артықшылықтары бойынша шамадан тыс стратификациясы қоғам мүшелерінің бір бөлігінің материалдық талаптарының гипертрофиясына әкеледі және сонымен бірге материалдық байлықты қамтамасыз ету арқылы мүмкіндіктерге теріс көзқарас тудырады. Олар заңды жолмен қамтамасыз ету мүмкін емес деген пікір қалыптастырады, сондықтан олардың материалдық байлығын арттыру үшін заңсыз әдістерді қолдану керек, өйткені олардың пікірінше, барлық бай адамдар солай жасайды [3, 15 б].

Сол себепті қоғамның құқықтық сана деңгейін жоғарлату мәселесі ол алдағы болатын қылмыстық әрекеттердің алдын алу болып табылады. Ол үшін біздің ойымызша мемлекет

мектеп бағдарламаларына арнайы құқыққа байланысты қосымша арнай сабақтар енгізуі керек. Ал жоғарғы оқу орындарында барлық факультеттерге кемінде бір семестр құқықтану мамандығын базалық жүйесінде білім алуы керек деп ойлаймыз. Оған қоса теледидар, гезет, журнал, әлеуметтік желілердегі құқыққа байланысты ақпараттардың санын көбейту қажет.

Р. Мертонның белгілі ережесі былай дейді: Егер мемлекет оларға қол жеткізуге кепілдік берілген құқықтар мен мүмкіндіктер бермесе, адам көбінесе оларды моральдық, құқықтық нормалар мен қылмыстық заңдарды бұзу арқылы жүзеге асыра бастайды. Сонымен қатар, мұндай алшақтықты жеңуге деген ұмтылыс көбінесе жастарды өз қылмыстарын ақтауға итермелейтін және психологиялық қорғаудың нақты тетіктерінде көрінетін ішкі себепке айналады [4, 4 б.]. Құқықтық әлеуметтенуге бүкіл қоғам әсер етеді (мемлекеттік, экономикалық, заңдылық пен құқықтық тәртіптің жағдайы, отбасы, өмір, бос уақыт, түрлі оқиғалар мен өмір сабақтары). Олардың барлығы құқықтық әлеуметтенуді қамтамасыз ете алады немесе керсінше қылмыстық әрекеттің көзі бола алады.

Бұқаралық ақпарат құралдары адамгершіліктен шығаруға және зорлық-зомбылыққа табынуға өз үлестерін қосады: зорлық-зомбылықты, қатыгездікті, жалқаулықты, қылмыскерлердің сәнді өмірін насихаттау қылмыстың өсуіне тікелей ықпал етеді. Көптеген еуропалық және американдық елдерде теледидарлар әртүрлі оқиғалар мен қылмыстар құрбандары туралы сюжеттерді таратпайды, қанды көріністерді, мәйіттерді атуды, истерикалық мінез-құлыққа ие адамдарды және адамдарды психологиялық күйзеліске ұшырататын және осындай оқиғаларға реакциялардың ауырлығын біртіндеп әлсірететін жағдайларды алып тастайды [5, 8 б.]. Біздің ойымызша ол дұрыс шешім деп ойлаймыз. Біздің елімізде де, шетелде де жүргізілген соңғы онжылдықтардағы әлеуметтанулық зерттеулер теледидар көру бос уақытты өткізудің ең қол жетімді және әмбебап түрі ретінде жастар озбырлығының құрылымында көшбасшы екенін бірнеше рет растады. Статистикаға сәйкес, жасөспірімдер бос уақытында: компьютерлік ойындар ойнайды (57%), теледидар көреді (46%), достарымен сөйлеседі (38%), серуендейді (35%), музыка тыңдайды (27%), үйірме немесе секциямен айналысады (18%), сонымен қатар кітаптар мен мерзімді басылымдарды оқиды (17%) [6, 5 б.]. Көріп отырғанымздай жастар бос уақытын теледидар мен интернетте өткізед. Ал олар ол жерден қандай ақпарат алды? Өкінішке орай қазіргі теледидар программалары (әсіресе фильмдер) моральдық-адамгершілік шектеулерден шығып кеткен. Өздерінің материалдық пайда көру мақсаттарын алға қойып қоғамға әртүрлі зорлық-зомбылықты насихаттуда. Оған қоса қарақшылық, бандитизм, ұрлық, тонау, адам өлтіру секілді сюжеттердің бас кейіпкерлерінің істеген ісін дұрыс етіп көрсетіп және олардың өмірлерін сәнді етіп көрсетуге тырысады. Қазіргі ақпаратты тез сіңіретін жасөспірімдерге немесе материалдық жағдайы, құқықтық санасы төмен критикалық ойы жоқ азаматтарға бұндай пропаганда олардың ойында теріс пиғылды қылмыстық идея тудыруы мүмкін. Сол себепті әрбір теледидарға шығаруға ұсынылған материалдарды арнайы тексерістен өткізіп, олардың қоғамға деген зиянсыздығын анықтау қажет деп ойламыз.

Зорлық-зомбылық элементтері бар желілік ойындардың жеке көзқарастарына әсер ету мәселесі ерекше назар аударуды қажет етеді. Жасөспірім теледидар экрандарынан көретін зорлық-зомбылықтан айырмашылығы, виртуалды әлемде бала виртуалды шындықпен толығымен араласады, оның бір бөлігі болады. Өзін-өзі сақтау инстинктінің бұзылуына дейін қиял мен нақты арасындағы шекаралардың қауіпті эрозиясы бар. Виртуалды әлем барған сайын тартымды бола түсуде, онда адам құдіретті және мағыналы сезінеді, ал нақты әлем қызықсыз. Теледидар мен Интернет дегеніміз - бұл бизнестің басты мақсаты, пайда табу және мүмкіндігінше көп тұтынушылық аудиторияны тарту. Біздің құзыретімізде оларды өзгерту, жас адамды оларды пайдаланудан оқшаулау мүмкін емес. Бірақ қабылдаудың барлық ерекшеліктерін, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудың жас ерекшеліктерін біле отырып, интеллектуалды даму, қажетті және пайдалы ақпарат алу үшін оның мүмкіндіктерін пайдалана отырып, компьютермен қарым-қатынас мәдениетін дамыту қажет.

Мемлекеттік деңгейде іс-әрекеттің ауқымды бағыттарының кешенін білдіретін қоғамдық бақылаудың мынандай шараларын қабылдау қажет, бұл: отбасында, мектепте, кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу әлеуетін жақсартуға мүмкіндік береді. жұмыс процесі; кәмелетке толмағандардың тәрбиесіндегі және тұрмыс жағдайындағы, олар тарапынан қылмысқа ықпал ететін және арандататын оққылықтарды бөлектеу, бейтараптандыру және азайту [7, 192 б].

Ол үшін жас ұрпақтың проблемаларын шешуге, соның ішінде білім беру, тұрғын үй, жұмыспен қамту, әлеуметтік қызметтер, бос уақытты өткізу, жастар ұйымдарын құру мәселелерін шешуге кешенді тәсілді көздейтін мақсатты жастар саясатын әзірлеу және жүзеге асыру қажет. Әлеуметтік патологияның кез-келген көріністерімен күресуге қоғамды белсенді түрде тарту қажет. Кәмелетке толмағандар мен жастарға тұрғылықты жері бойынша және білім беру ұйымдарында әлеуметтік көмек қызметін құру қажет, онда жас ұрпақты толғандыратын, өмірлік мәселелер бойынша ақпараттандыру және консультациялар тұрақты негізде жүргізіледі. Бұдан басқа, жасөспірімдер мен жастарға жұмысқа орналасуға көмектесу, оларға психологиялық көмек көрсету, "тәуекел топтарынан" қайта әлеуметтендіруді жүргізу, жасырын сенім телефондарын орнату, жасөспірімдермен және жастармен жұмыс істеу үшін кадрларды қайта даярлауға көмек көрсету қажет.

Абайсыздықпен күрес профилактикалық шаралар арасында маңызды орын алуы керек. Осы саладағы көптеген зерттеулер көрсеткендей, қылмыстың 80% -ы кәмелетке толмаған қылмыскерлер кешке немесе түнде жасайды. Отбасы тарапынан балаларына тиісті бақылаудың болмауы олардың көп уақытты үйден тыс өткізіп, оны ойын-сауық пен «бос қыдыруға» арнауына әкеледі. Сауалнамаға қатысқан жастардың 60% -ына дейін бос уақыттарын «бос уақытқа» арнайтындықтары туралы айтты. Кәмелетке толмаған жасөспірімдерге теріс және іріткі салатын, заңсыз әрекетке тартатын адамдарды қылмыстық жауаптылыққа неғұрлым қатаң тарту қажет [8, 140 б].

**Қорытынды** Қылмыстық әрекеттерді жеңудегі прогреске қол жеткізуге ұмтылатын мемлекет жоғары адамгершілік құндылықтардың адам үшін маңызды болуына ықпал етуі керек. Құқықтық принциптерді бұзудың мүмкін еместігі оның мінез-құлқының ішкі реттеушісі болуы керек. В.И. Букреевтің "адам жанын емдеу және әлемді жайластыру – өзара байланысты проблемалар" деген сөзімен келісу қажет [9, 327 б].

Қоғам құқық бұзушылардан оларды репрессивті институттардың көмегімен оқшаулау арқылы емес, қылмыстық әрекетті тудыратын себептерді жою, блоктау арқылы қорғай алады. Аристотель тұжырымдаған теріс әлеуметтік процестердің алдын-алудың негізгі принциптерінің бірін еске түсіру керек: "егер біз мемлекеттік құрылғылардың өліміне әкелетін себептерді білсек, онда біз ... біз олардың сақталуына себеп болатын себептерді білеміз: қарама-қарсы шаралар қарама-қарсы әрекеттерге әкеледі» [10, 544 б].

Қоғам қылмыстық әрекеттердің барлық себептерін білмейді, сондықтан оларды жоя алмайды. Көптеген себептер белгілі, бірақ дамудың осы кезеңінде оларды жоюдың тиімді жолдары жоқ. Мысалы, материалдық қиындықтар, тұрақтылық пен перспективаның болмауы, әділетсіздік наразылықты, агрессияны, апатияны ғана емес, сонымен қатар өз проблемаларын заңсыз жолмен шешуге деген ұмтылысты да тудырады. Адам әрқашан бір нәрсеге ұмтылуы керек, оны жаңа ақылға қонымды қажеттіліктер мен оларды қанағаттандырудың заңды тәсілдерін іздеуге мәжбүр ететін мақсат болуы керек. Бұл мәселе білім беру арқылы да, адамның өмір сүру жағдайларын өзгерту арқылы да шешілуі керек.

Қортындылай келе ең алдымен қылмыстық әрекеттердің алдын алу жолында мемлекет қоғамның құқықтық санасын көтеру мәселесін қарастыру керек. Яғни мектеп кезінен бастап жасөспірімдерге, қылмыстық жауаптылық туралы және тағыда құқыққа байланысты насихат шараларын өткізі керек. Оған қоса білім беру салаларында құқыққа байланысты арнайы дисциплиналар енгізу керек.

Екіншіден теледидар, интернетте зорлық-зомбылық, адам өлтіру, т.б теріс пиғылдағы пропагандалық программалардың санын азайту арнай тексерістен өткізу, жауапкершілікке тару керек. Бұл қоғамның деструктивті ойларға, теріс пиғылды идеяларға еріп кетуінің алдын алу.



Сондай-ақ кәмелетке толмағандар мен жастарға тұрғылықты жері бойынша және білім беру ұйымдарында әлеуметтік көмек қызметін құру қажет, онда жас ұрпақты толғандыратын, өмірлік мәселелер бойынша ақпараттандыру және консультациялар тұрақты негізде жүргізілуі қажет. Бұдан басқа, жасөспірімдер мен жастарға жұмысқа орналасуға көмектесу, оларға психологиялық көмек көрсету, "тәуекел топтарынан" қайта әлеуметтендіруді жүргізу, жасырын сенім телефондарын орнату, жасөспірімдермен және жастармен жұмыс істеу үшін кадрларды қайта даярлауға көмек көрсету қажет.

*Пайдаланылған әділеттер тізімі:*

1. Тимошенко В.И. Социально-психологические факторы девиантного поведения// Теория и история государства и права: Материалы международной научно-практической конференции, Вестник Пермского университета Юридический науки Вып.3(25), г. Пермь, 2014. - С. 23–32.
2. Нерсесян А.П., Психология массового стихийного поведения, механизмы формирования общественного мнения: Учебник/Под общ.ред. А.П. Нерсесян - М.: Академия, 2-е изд, перераб, 2010. - 160 с.
3. Пастушеня А.Н., Социально-психологический анализ причин преступности: Учебник/Под общ. ред. А.Н. Пастушеня - М.: Академия, 2015. – 207с.
4. Ушатиков А.И., Ковалев О.Г., Корнеева Г.К., Сущность общей социально-психологической профилактики преступлений: Учебное пособие/Под общ.ред. А.И Ушатиков - СПб.: Рязань, 2012. – 281с.
5. Столяренко А.М., Юридической психология: Учебник/под общ.ред. А.М. Столяренко - М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2013 – 607с.
6. Полякова О.А., Емчура Т. Современная молодежь и каналы ее социализации// Современная молодежь и каналы ее социализации: социология и политология: Материалы международной научно-практической конференции, Вестник Московского университета Серия 18, г. Москва, 2015. – С. 135-140.
7. Павленок П.Д., Руднева М.Я., Социальная работа с лицами и группами девиантного поведения: Учебное пособие/Под общ.ред. П.Д. Павленок - Инфра-М 2020. – 167с.
8. Минин А.Я., Краев О.Ю. Актуальные проблемы девиантного поведения несовершеннолетних и молодежи: Монография. - М.: Москва Прометей, 2016. – 140 с.
9. Букреев В.И. Человек агрессивный: Монография. - ФЛИНТА: Московский психолого-социальный институт, 2007. – 336 с.
10. Кожевникова Е. А. Детерминанты преступности несовершеннолетних// Проблемы укрепления законности и правопорядка: Материалы международной научно-практической конференции, Вестник челябинского государственного университета Серия 28, г. Челябинск, 2011. – С. 101-103.

МРНТИ:10.83.11

УДК:343.81

*Н.А.Тулкинбаев<sup>1</sup>, А.Ж. Садыков<sup>1</sup>, Ш.Ж.Тулкинбаева<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің  
Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы,  
Қостанай қ., Қазақстан*

## **ПРОБАЦИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЕСЕБІНДЕ ТҮРҒАН ТҮЛҒАЛАРҒА ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

*Аңдатпа*

Қазіргі жағдайда қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамасын ізгілендіру құқық қорғау органдарына, оның ішінде оның құрамдас бөлігі болып табылатын пробация қызметіне сәйкес келуі қажет барлық жаңа талаптарды қояды. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің пробация қызметі қызметінің тиімділігі оның алдына «Пробация туралы» Заңмен қойылған міндеттерді орындауға, оның ішінде есепте тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетуге байланысты. Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер негізінде көрсетіледі, оларды іске асыру кезінде ҚАЖ мекемелерінің, пробация қызметінің қызметкерлері, жергілікті атқарушы органдардың, қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері және т.б. басшылыққа алады.

Аталған мақалада, пробация қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында оның қызметін дұрыс ұйымдастыру ғана емес, сондай-ақ сапалы нормативтік құқықтық базаның болу қажеттілігі туралы мәселе қарастырылады.

**Түйін сөздер:** әлеуметтік-құқықтық көмек, қылмыстық-атқару жүйесі, пробация қызметі, әлеуметтік бейімдеу, оңалту.

*N.A. Tulkinbaev<sup>1</sup>, A. Zh.Sadykov<sup>1</sup>, Sh.Zh.Tulkinbaeva<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Kostanay academy of the IAM of the Republic Kazakhstan named after Sh.Kabylbayev*

## **LEGAL BASIS FOR PROVIDING SOCIAL AND LEGAL ASSISTANCE TO PERSONS REGISTERED WITH THE PROBATION SERVICE**

*Abstract*

In modern conditions, the humanization of criminal and penal enforcement legislation imposes all new requirements that must be met by law enforcement agencies, including the probation service, which is an integral part of it. The effectiveness of the probation service of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan depends on the implementation of the tasks assigned to it by the law "On Probation", including the provision of social and legal assistance to registered persons. Social and legal assistance to persons registered with the probation service is provided on the basis of existing regulatory legal acts, the implementation of which is guided by the employees of the institutions of the penal correction System, the probation service, representatives of local executive bodies, public, non-governmental organizations, etc.

This article discusses the need not only to properly organize the activities of the probation service in order to increase its effectiveness, but also to have a high-quality regulatory framework.

**Key words:** Social and legal assistance, penal enforcement system, probation service, social adaptation, rehabilitation.

Н.А.Тулкинбаев<sup>1</sup>, А.Ж. Садыков<sup>1</sup>, Ш.Ж. Тулкинбаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Костанайская академия Министерства внутренних дел  
Республики Казахстан им.Шырақбека Кабылбаева,  
г.Костанай, Казахстан

## ПРАВОВЫЕ ОСНОВЫ ОКАЗАНИЯ СОЦИАЛЬНО-ПРАВОВОЙ ПОМОЩИ ЛИЦАМ, СОСТОЯЩИМ НА УЧЕТЕ СЛУЖБЫ ПРОБАЦИИ

### Аннотация

В современных условиях гуманизация уголовного и Уголовно-исполнительного законодательства предъявляет все новые требования, которые должны соответствовать правоохранительным органам, в том числе службе пробации, являющейся ее составной частью. Эффективность деятельности службы пробации Министерства внутренних дел Республики Казахстан зависит от выполнения задач, поставленных перед ней законом «О пробации», в том числе оказания социально-правовой помощи лицам, состоящим на учете. Социально-правовая помощь лицам, состоящим на учете службы пробации, оказывается на основании действующих нормативных правовых актов, при реализации которых руководствуются сотрудники учреждений УИС, службы пробации, представители местных исполнительных органов, общественных, неправительственных организаций и др.

В данной статье рассматривается вопрос о необходимости не только правильной организации деятельности службы пробации в целях повышения ее эффективности, но и наличия качественной нормативной правовой базы.

**Ключевые слова:** социально-правовая помощь, уголовно-исполнительная система, служба пробации, социальная адаптация, реабилитация.

**Кіріспе.** Әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетуді ұйымдастыру мәселелерін регламенттейтін негізгі құжат Қазақстан Республикасының Конституциясы болып табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекеттің негізгі заңы болып табылады, онда мемлекеттік және қоғамдық құрылыстың негіздері, қоғамдық қатынастарды, оның ішінде әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетуді ұйымдастыру саласындағы қатынастарды реттейтін аса маңызды нормалар бекітілген [1].

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылатын адамдарды әлеуметтік бейімдеудің негізгі мәселелері Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару заңнамасының (27-тарауы) нормаларымен реттеледі [2].

Ең алдымен, бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаны өтеу процесінде қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің әкімшілігі сотталғандармен олардың қажеттіліктеріне сәйкес жеке тәртіппен әлеуметтік бейімдеу бойынша жұмыс жүргізетініне, сондай-ақ оны қоғамның толық құқылы мүшесінің әлеуметтік мәртебесінде қалпына келтіруге, оны құқық нормалары мен жалпы қабылданған мінез-құлық нормалары негізінде қоғамда дербес өмірге қайтаруға жәрдемдесетініне назар аударғым келеді. Бұдан басқа, сотталғандармен оны босатуға дайындау мақсатында ұйымдастыру-тәрбие іс-шаралары жүргізіледі (166-б.2-т.), оның құқықтары мен міндеттері түсіндіріледі [2]. Қылмыстық-атқару кодексінде бас бостандығынан айыру орындарынан босатылатын және пробация қызметінде есепте тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық қызметтердің қажетті көлемін көрсетуде мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктер мен азаматтардың мүмкіндіктерін кешенді іске асыру тетігін жаңғырту мен дамытудың түйінді аспектілері жетекші рөл атқарады. Құқықтық қатынастардың барлық субъектілерінің өзара іс-қимылының тиімділігін арттыруға ерекше назар аударылды.

Осы мәселенің мәнмәтінінде оның негізінде пробация қызметі өз қызметін жүзеге асыратын аса маңызды Нормативтік құқықтық актіні белгілеу керек, ол «Пробация туралы»

Қазақстан Республикасының Заңы болып табылады. Онда осы қызметтің негізгі бағыттары, оның мақсаты, функциялары, міндеттері анықталған, оған сәйкес ол өзінің есебінде тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетуге жәрдем көрсетеді. 3-тармаққа сәйкес «Пробация туралы» Заңның 5-тармағы бойынша әлеуметтік-құқықтық көмек пробацияны жүзеге асыратын субъектілердің өздеріне қатысты пробация қолданылатын адамдарды қайта әлеуметтендіруге, әлеуметтік бейімдеуге және оңалтуға бағытталған әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің жеке бағдарламасы негізінде іске асырылатын шаралар кешені ретінде түсіндіріледі [3]. Әлеуметтік-құқықтық көмек әлеуметтік-құқықтық көмектің көлемін айқындау кезінде жеке жақындауымен ескеріле отырып айқындалады. Алайда, пробация қызметінің әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету үшін барлық қажетті ресурстары жоқ екенін атап өткен жөн, оны іске асыруға «Пробация туралы» Заңның 7-бабында айқындалған пробациялық процестің субъектілері қатысады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің үлкен көлемін жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады. Олардың платформасында: қылмыстық жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын мекемелер мен органдардың қызметіне жәрдемдесу, сондай-ақ қылмыстық жазаларын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру жөніндегі консультативтік-кеңесші органдарды құрады; пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар, сондай-ақ мекемелерден босатылған адамдар үшін жұмыс орындарына квоталар белгілейді; пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық және өзге де көмек көрсетуді үйлестіреді; Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өмірлік қиын жағдайда жүрген деп танылған, пробация қызметінің есебінде тұрған мекемелерден босатылған адамдарға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуді қамтамасыз етеді; мекемелерден босатылған, сондай-ақ пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі шараларды қамтамасыз етеді; мекемелерден босатылған, сондай-ақ пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек және өзге де көмек көрсету саласындағы өзге де өкілеттіктерді орындайды [4].

**Негізгі бөлім (әдістеме, нәтижелер).** Жоғарыда көрсетілген деректер сотталғандарды қайта әлеуметтендіруге және оларды қоғамда одан әрі табысты әлеуметтендіруге бағытталған әртүрлі оңалту бағдарламалары кешенін іске асыру басым бағыты болып табылатын сотталғандарға әлеуметтік көмек жүйесінің даму үрдістерін көрсетеді.

Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету тәртібі «Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен регламенттелген [5]. Қағидалар барынша қысқа болып табылады және әлеуметтік-құқықтық көмектің жеке бағдарламасын қалыптастыру, сондай-ақ оны жергілікті атқарушы органдарға одан әрі жіберу мәселелерін ғана реттейді.

Қазақстан Республикасы пенитенциарлық жүйенің проблемаларына, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан азаматтармен, сондай-ақ пробация қызметінің есебінде тұрған адамдармен жұмысқа ерекше назар аударады.

Осы жұмыста айтылғандай, жазасын өтеп жатқан адамдарды босатуға дайындық мекемеде болған алғашқы күннен басталады. Осы жұмысты ұйымдастыру сотталғандарды еңбекке және тұрмыстық орналастыру жөніндегі қызметкерге жүктеледі, бұдан басқа босатуға дайындық жөніндегі іс-шараларды өткізуге мекеменің барлық қызметкерлері тартылады [6].

Бұдан басқа, әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету мәселелері «пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бұйрығында да көрсетілген. Осы Қағидалар пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру, оның ішінде әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету тәртібін айқындайды [7].

Қылмыстық жазасын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмек көрсету, оларды оңалту, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелерінің қызметі мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу мақсатында жергілікті атқарушы органдардың

құзыретіне жатқызылған консультативтік-кеңесші орган құрылды. Консультативтік-кеңесші орган Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей бекітілген қызметтің заңды нысаны болып табылады.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің «қылмыстық жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын мекемелер мен органдардың қызметіне жәрдемдесу, сондай-ақ адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру бойынша жергілікті атқарушы органдар жанындағы консультативтік-кеңесші орган туралы үлгілік ережені бекіту туралы» бұйрығына сәйкес консультативтік-кеңесші органның міндеттеріне, қылмыстық жазасын өтеушілерге" жергілікті атқарушы органдардың қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерімен босатылатын сотталғандарды еңбекке және тұрмыстық орналастыруға жәрдемдесу, қылмыстық жазасын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру жөніндегі өзара іс-қимылын үйлестіру жөніндегі ұсыныстарды қарау жатқызылды [8]. Оның құрамы денсаулық сақтау, жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар, мәдениет, білім беру, кәсіпкерлік, өнеркәсіп, жер қатынастары, дене шынықтыру салаларында басқаруды және үйлестіруді жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдар басшыларының қатарынан қалыптастырылады. Алайда, консультативтік-кеңесші органның шешімдері ұсынымдық сипатта болатындығын ескерген жөн.

Әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетумен қатар пробация қызметі қызметінің ажырамас бөлігі оның есебінде тұрған адамдарды бақылау болып табылады. Әлеуметтік көмек көрсету саласындағы сияқты қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінен босатылған адамдарға қатысты пенитенциарлықтан кейінгі әлеуметтік бақылауды жүзеге асыру процесін регламенттейтін жеткілікті ауқымды нормативтік құқықтық база бар екенін атап өткен жөн. Нормативтік базаны талдау Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінен басқа, пробациялық бақылауды жүзеге асыруға және пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету тәртібіне қатысты мәселелер басқа да заңнамалық актілердің жеткілікті үлкен санының нормаларымен реттелетінін көрсетті.

Бүгінгі таңда құқықтық өмірдің маңызды бағыттарының бірі «Тұжырымдама», «Стратегия», «Ұлттық жоспар» сияқты құжаттарды белсенді түрде құру болды, әдетте, олардың таза заңды мазмұны жоқ, бірақ олар саяси және құқықтық мазмұнға ие және құқықтық саясатты білдірудің өзіндік құралы болып табылады. Бұл құжаттар құқықтық жүйеге құқық көзі ретінде енгізіле отырып, құқықтық жүйенің барлық дерлік элементтерінің қалыптасуына айтарлықтай әсер етеді. Атап айтқанда, заңдарды, заңға тәуелді құқықтық актілерді және мақсатты бағдарламаларды орындау және оларға сәйкес әзірлеу және қабылдау.

Осыған байланысты пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетуді регламенттейтін негізгі нормативтік құқықтық актілермен қатар Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 24 сәуірдегі №396 әлеуметтік дамуының 2030 жылға дейінгі жалпыұлттық тұжырымдамасын бөліп көрсету қажет. Бұл тұжырымдаманың мақсаты адами капиталдың сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдай жасау, сондай-ақ барлық қазақстандықтар үшін өмір сапасының жоғары стандартына қол жеткізу болып табылады. Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу белгіленген: Нәтижелі жұмыспен қамтуға, қауіпсіз жұмыс орындарына негізделген әлеуметтік-еңбек қатынастарының тиімді моделін құру; азаматтарға жоғары сапалы медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтаудың инновациялық және қаржылық-тұрақты жүйесін құру; азаматтарға еңбек нарығында талап етілетін біліктіліктерді, өмір бойы оқу мүмкіндігін беретін бәсекеге қабілетті және қолжетімді білім беру жүйесін қалыптастыру; инклюзивті экономикалық өсуге негізделген атаулы және кешенді әлеуметтік қорғау жүйесін дамыту [9];

Бұған қоса, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 тамыздағы № 858 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында қылмыстық әділет саласына азаматтарды тартуды барынша азайтуға, соттардың бас бостандығынан айырумен байланысты емес балама шараларды қолдануды кеңейтуіне, бас бостандығынан айыру сияқты

жазаның осы түрінің тәрбиелік құрамдасын арттыруға және т.б. бағытталған шаралар кешенін жүзеге асыру қажеттігі атап өтілді [10].

Қазақстан Республикасының Халқына кезекті Жолдауларының бірінде еліміздің Тұңғыш Президенті-Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінде есепте тұрған азаматтарды әлеуметтік оңалтудың тиімді жүйесін құру бойынша жұмыс жүргізу қажеттігін атап өтті" [11].

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінде есепте тұрған азаматтарды әлеуметтік оңалтудың 2016 жылғы 8 желтоқсандағы № 387 [12] кешенді стратегиясына, сондай-ақ оны одан әрі іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына жүгінгім келеді [13]. Қазақстан Республикасында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінде есепте тұрған азаматтарды әлеуметтік оңалтудың 2017-2019 жылдарға арналған кешенді стратегиясы азаматты бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғаннан кейін және пробация қызметінде есепте тұрған кезеңде әлеуметтік бейімсіздіктің және депривациялаудың алғышарттарын жоюға бағытталған. Кешенді стратегия ережелерін іске асыру заңнама нормаларына негізделеді, дәйекті және әдістемелік сипатта болады, Қазақстан Республикасының Конституциясында жарияланған барлық құқықтарға, бостандықтар мен заңды мүдделерге қол сұғылмаушылықты және азаматтың іске асырылуын қамтамасыз етеді.

Нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ құқық көзі ретінде құқықтық жүйеге енгізілген құжаттарды талдау мынадай қорытындыға келуге мүмкіндік берді.

**Қорытынды.** Жүргізілген талдау Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінен басқа, пробациялық бақылауды жүзеге асыруға және қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінен босатылған адамдарға және пробация қызметінің есебінде тұрған басқа да сотталғандарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету тәртібіне қатысты мәселелер нормалары бір-бірін қайталайтын, сол арқылы бір-біріне қайшы келетін заңнамалық және заңға тәуелді актілердің жеткілікті үлкен санының нормаларымен реттелетінін көрсетті. Көрсетілген себептер пробациялық процесті жүзеге асыруда қиындық тудырады. Осылайша, әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету саласында құқықтық негізді ретке келтіру және жетілдіру бойынша алда үлкен жұмыс күтіп тұрғаны айқын болып отыр.

Жоғарыда айтылғандарға постпенитенциарлық кезең қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінен босатылғаннан кейін адамның өмірі айтарлықтай өзгеретіндігімен байланысты, бұл кезеңде оның мінез – құлқы көбінесе қоғам мақұлдаған мінез-құлқы үлгілерін ұстанатындығына немесе қылмыстық әрекетке оралуына байланысты болады. Түзету әсерінің нәтижелерін «бекітуді» талап ететін бұл кезең пробациялық процеске қатысушылардың белсенді әрекеттерінсіз мүмкін емес.

Сотталғандарды жазадан босатуға тікелей даярлау маңызды сипатқа ие болады, өйткені осы кезеңде ғана қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің әкімшілігі босатылушының субъективті мүмкіндіктерін ескере отырып, оған жаңа ортада сәтті әлеуметтік бейімделудің нақты жолын ұсына алады. Бұл ретте сотталғандарды босатуға тікелей даярлауды қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің әртүрлі қызметтері жүзеге асырады, олардың функционалдық міндеттері, сонымен бірге, осы бөлікте іс жүзінде жұмыс істемей қалады. Осыған байланысты сотталғандарды босатуға дайындаумен байланысты жұмыс бойынша әртүрлі лауазымды адамдар үшін әдістемелік ұсынымдарды, әсіресе босатылатындарды тұрмыстық және еңбекке орналастыру жөніндегі аға инспектордың жұмысын қайта қарау орынды болар еді.

Жеке адамның жазасын өтегеннен кейінгі мінез-құлқы ҚАЖ мекемелеріндегі тәрбиелік ықпал ету нәтижелеріне ғана емес, оған пенитенциарлықтан кейінгі бейімделу факторының әсеріне де байланысты. Сондықтан қалыпты коммуникативті байланыстарды қалпына келтіру сотталғандардың әлеуметтік бейімделуінің маңызды процестерінің бірі болып табылады.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінен босатылғандарды әлеуметтік бейімдеуде көмек көрсету бойынша басты рөл жергілікті атқарушы органдарға, қоғамдық бірлестіктерге және үкіметтік емес ұйымдарға берілген.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінен босатылған адамдарды әлеуметтік бейімдеу процесі, жоғарыда белгіленгендей, өте күрделі проблеманы білдіреді, оны шешу босатылғандардың тұрмыстық және еңбек құрылысының уақыттылығына ғана емес, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың пробация қызметі тарапынан босатылғанның оның әлеуметтік бейімделуі кезеңіндегі мінез-құлқын бақылауға да байланысты болады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30.08.1995 ж. (23.03.2019ж. ред.). Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі// <http://adilet.zan.kz/kaz/>.

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі 05.07.2014 ж. № 234-V ҚРЗ-«Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі// <http://adilet.zan.kz/kaz/>.

3. Пробация туралы [Электрондық ресурс]: Қазақстан Республикасының 30 желтоқсан 2016 ж. №38-VI ҚРЗ. – «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі// <http://adilet.zan.kz/kaz/>.

4. Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы: Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңы [Электрондық ресурс]: – «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен қол жеткізу// <http://adilet.zan.kz/kaz/>.

5. Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы [Электрондық ресурс]: Үкіметтің 2014 жылғы 23 қазандағы № 1131 қаулысы. – «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі// <http://adilet.zan.kz/kaz/>.

6. Бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу қағидаларын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы ПМ-нің 2014 жылғы 13 тамыздағы № 508 бұйрығы. – «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі// <http://adilet.zan.kz/kaz/>.

7. Пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы [Электрондық ресурс]: Қазақстан Республикасы ПМ-нің 2014 жылғы 15 тамыздағы № 511 бұйрығы. – «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен қолжетімділігі// <http://adilet.zan.kz/kaz/>.

8. Қылмыстық жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын мекемелер мен органдардың қызметіне жәрдемдесу, сондай-ақ қылмыстық жазаларын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру бойынша жергілікті атқарушы органдар жанындағы консультациялық-кеңесші орган туралы үлгілік ережені бекіту туралы [Электрондық ресурс]: Қазақстан Республикасы ПМ-нің 2014 жылғы 28 қарашадағы № 853 бұйрығы. – «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі// <http://adilet.zan.kz/kaz/>.

9. Қазақстан Республикасын әлеуметтік дамытудың 2030 жылға дейінгі жалпыұлттық тұжырымдамасы туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1443 қаулысы.- «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі// <http://adilet.zan.kz/kaz/>.

10. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығы. – «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен қолжетімділігі// <http://adilet.zan.kz/kaz/>.

11. Ұлт жоспары-Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Бес институционалдық реформасын жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам // *Казахстанская правда* 20 мамыр 2015 ж.

12. Қазақстан Республикасында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінде есепте тұрған азаматтарды әлеуметтік оңалтудың 2017-2019 жылдарға арналған кешенді стратегиясын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы № 387 Жарлығы. – «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі// <http://adilet.zan.kz/kaz/>.

13. Қазақстан Республикасында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінде есепте тұрған азаматтарды әлеуметтік оңалтудың 2020-2021 жылдарға арналған кешенді стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі іс– шаралар жоспары: Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 19.02.2020 ж.бұйрығы- «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі// <http://adilet.zan.kz/kaz/>.



**ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСС  
УГОЛОВНЫЙ ПРОЦЕСС  
CRIMINAL PROCEEDING**

МРНТИ: 10.79.35

УДК:343.14

*Толеубекова Б.Х.<sup>1</sup>, Хведелидзе Т.Б.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> *Казахский национальный педагогический университет им. Абая*

**УГОЛОВНО-ПРОЦЕССУАЛЬНЫЕ СРОКИ:  
ПРОБЛЕМЫ ИХ СИСТЕМАТИЗАЦИИ  
(ПО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВУ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН)**

*Аннотация*

